

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 844 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар беру, оларды қайта ресімдеу және лицензияларға өзгерістер енгізу, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияларды қайтып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 қыркүйектегі N 833 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 30, 263 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:
реттік нөмірлері 18, 19, 24-жолдар алынып тасталсын;

2) "Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар беру, оларды қайта ресімдеу және лицензияларға өзгерістер енгізу, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияларды қайтып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1392 қаулысына :

көрсетілген қаулыда 1-қосымшада:
реттік нөмірлері 13, 25, 29, 30, 31, 39-жолдар алынып тасталсын;
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:
реттік нөмірі 17-жол алынып тасталсын;

3) "Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1021 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада:
реттік нөмірі 6-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі